

**Алға ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 135 "Алға ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 1 наурыздағы № 88 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 наурызда № 5346 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 135 "Алға ауданының жергілікті атқарушы органдары "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4922 болып тіркелген, "Жұлдыз-Звезда" аудандық газетінде 17 маусымында 2016 жылы № 26-27 жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алға ауданының әкімі*

*М. Абдуллин*